

Ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін құрастыру бойынша әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 11 қазандағы № 237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 10 қаршада № 14410 болып тіркелді

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін құрастыру бойынша әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) мемлекеттік тіркеуден өткен бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Өндіріс және қоршаған орта статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Қ. К. Орынханов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р л і г і
Статистика комитетінің төрағасы Н. Айдапкелов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р л і г і
Статистика к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 6 ж ы л ғ ы 1 1 қ а з а н д а ғ ы
№ 237 бұйрығымен бекітілді

Ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін құрастыру бойынша әдістеме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін құрастыру бойынша әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін жыл сайынғы құрастыру кезінде қолданады.

Әдістеме ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін құру нысанын, жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері, әкімшілік деректер және сарапшылық бағалау негізінде теңгерімдердің жекелеген баптарын есептеу ерекшеліктерін белгілейді.

3. Әдістеме Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық кеңесінің «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің маңызды азық-түлік түрлерінің бірлескен теңгерімдерін есептеу және олардың нысандары әдістемесінде» (2012 жыл) (бұдан әрі – ТМД әдістемесі) және «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің маңызды азық-түлік түрлерінің теңгерімдерін қалыптастыру тәртібі туралы ережесінде» (2013 жыл) баяндалған ұсынымдары ескеріле отырып әзірленді.

4. Осы Әдістемеді мынадай ұғымдар және анықтамалар қолданылады:

1) азық-түлік мақсаттарында қайта өңдеу – туынды тағам өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатын өнімдер саны;

2) ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдері – ауыл шаруашылығы өнімдерінің, шикізаттың және азық-түліктің негізгі түрлерінің ресурстарын қалыптастырудың және оларды қолданудың көздерін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштер жүйесі;

3) қорлар – өндірушілердің, қайта өңдеушілердің, импорттаушылардың, экспорттаушылардың, көтерме және бөлшек сауданың өзге де кәсіпорындарының, көлік және қойма кәсіпорындарының, жұртшылық шаруашылықтарының есепті жылдың басындағы және соңындағы қалдығы;

4) өндірістік тұтыну – ішкі пайдалануға (егістік мақсаттарға, мал мен құсты азықтандыруға, төл суаруға, инкубацияға) жұмсалған өнімдердің шығыстары;

5) өндіріс – сату үшін, сондай-ақ өндірушілердің жеке өндірістік немесе түпкілікті тұтынуына арналған өндірілген өнім көлемі;

6) өзге де өнеркәсіптік пайдалану – қайта өңдеуге азық-түліктік емес мақсатқа берілген, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және басқа да мақсаттар үшін қолданылатын өнімдер көлемі;

7) шығындар – тасымалдау, қайта өңдеу, сақтау немесе орау барысындағы бүлінудің нәтижесінде өткізуден алынып тасталған және тұтыну үшін жарамсыз болып танылған өнімдердің саны;

8) халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы – есептік жылы барлық түрде тағамға тұтынылған өнімдердің есептік саны.

2-тарау. Ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін қалыптастыру тәртібі

5. Ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдері (бұдан әрі – теңгерімдер) жыл сайын күнтізбелік жылға жалпы Қазақстан Республикасы бойынша құрастырылады.

6. Теңгерімдерді құрастыру кезінде жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар нәтижелері бойынша алынған деректер, әкімшілік дереккөздердің мәліметтері, сарапшылық бағалар және экономикалық есептеулер ақпараттық база болып табылады.

7. Теңгерімдер келесі өнім топтары бойынша есептеледі:

а с т ы қ ;
қ а й т а ө н д е л г е н а с т ы қ ө н і м д е р і ;
к а р т о п ж ә н е о н ы қ а й т а ө н д е у ө н і м д е р і ;
к ө к ө н і с т е р , б а қ ш а д а қ ы л д а р ы ж ә н е о л а р д ы қ а й т а ө н д е у ө н і м д е р і ;
ж е м і с т е р , ж ү з і м ж ә н е о л а р д ы қ а й т а ө н д е у ө н і м д е р і ;
қ а н т қ ы з ы л ш а с ы ;
к ү н б а ғ ы с т ұ қ ы м д а р ы ;
е т ж ә н е е т ө н і м д е р і ;
с ү т ж ә н е с ү т ө н і м д е р і ;
ж ұ м ы р т қ а ж ә н е ж ұ м ы р т қ а ө н і м д е р і ;
қ а н т ;

өсімдік майы және құрамында майы бар өнімдер;
балық және балық өнімдері.

Жоғарыда көрсетілген барлық өнім топтары бойынша теңгерімдер мың тоннамен, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдерінен басқа, олар миллион данамен құрастырылады.

8. Әрбір теңгерім екі бөлікке топтастырылған жекелеген жеке теңгерім баптарынан тұрады: ресурстық және бөлетін. Ресурстық бөлікте негізгі кіріс көздері көрсетіледі. Бөлетін бөлігінде негізгі пайдалану бағыттары көрсетіледі. Теңгерім баптарының тізбесі осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

Ауыл шаруашылығының жекелеген өнімдеріне теңгерімнің кейбір баптары қалыптастырылмады.

Ауыл шаруашылығы негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін есептеу тәртібі осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

3-тарау. Теңгерімдердің жеке баптарын қалыптастыру ерекшеліктері

9. «Жыл басына қорлар» және «Жыл соңына қорлар» баптарын қалыптастыру кезінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде, қайта өңдеу кәсіпорындарындағы, сауда және басқа ұйымдардағы ауыл шаруашылығы шикізаты және шикізатқа қайта есептелген қайта өңдеу өнімдері түріндегі өнім қорлары ескеріледі, сондай-ақ халықтағы қорлар бағаланады. Осы бапты қалыптастыру кезінде қолда бар жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық деректер және әкімшілік деректер, сондай-ақ сарапшылық бағалар қолданылады. Есепті жыл басындағы қорлар өткен жылдың соңындағы қорларға тең.

10. «Өндіріс» бабы келесі статистикалық деректерден қалыптастырылады:
астық теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы дәнді және бұршақты дақылдарды жалпы жинау (тазалағаннан кейінгі салмақта);
қайта өңделген астық өнімдерінің теңгерімі бойынша – ұн және жарма өндірісі;
картоп және оны қайта өңдеу өнімдерінің теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы картопты жалпы жинау;
көкөністер, бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдерінің теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы көкөніс және бақша дақылдарын жалпы жинау;

жемістер, жүзім және оларды қайта өңдеу өнімдерінің теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы шекілдеуікті және дәнекті дақылдарды, жүзімді, цитрусты және жидекті дақылдары, жаңғақтарды жалпы жинау;

қант қызылшасының теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы қант қызылшасын жалпы жинау (тазалағаннан кейінгі салмақта);

күнбағыс тұқымдарының теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы күнбағыс тұқымдарын жалпы жинау (тазалағаннан кейінгі салмақта);

ет және ет өнімдерінің теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы мал мен құстың шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені (с о й ы с с а л м а қ т а) ;

сүт және сүт өнімдерінің теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы сауылған сүттің барлық түрлері;

жұмыртқа және жұмыртқа өнімдерінің теңгерімі бойынша – шаруашылықтың барлық санаттарындағы жұмыртқаның барлық түрлерінің өндірісі; қант теңгерімі бойынша – қант өндірісі;

өсімдік майы және құрамында майы бар өнімдерінің теңгерімі бойынша – өсімдік м а й ы н ы ң ө н д і р і с і ;

балық және балық өнімдерінің теңгерімі бойынша – балық және басқа су ж а н у а р л а р ы н а у л а у .

11. «Импорт» бабында елге шет елдерден әкелінген, осы Әдістемеге 3-қосымшада келтірілген тиісті азық-түлік түрлерінің теңгерімінде «Импорт» және «Экспорт» баптарын есептеу үшін жекелеген өнім түрлерінің тізбесіне сәйкес барлық өнімдер т ү р л е р і е с е п к е а л ы н а д ы .

Импорттық өнімдер шикізат немесе шикізатқа қайта есептелген қайта өңдеу өнімдері түріндегі ескеріледі. Қайта өңдеу өнімдерін бастапқы өнімге қайта есептеу осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасында қолданылатын негізгі азық-түлік өнімдерін бастапқы өнімге ауыстыру коэффициенттерін қолдану арқылы жүргізіледі. Бапты қалыптастыру кезінде әкімшілік деректер, жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері қолданылады.

Осы бапты есептеу кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен өнімді әкелу туралы ақпарат қосымша қалыптастырылады.

12. «Өндірістік тұтыну» бабында ішкі шаруашылық қажеттіліктерге пайдаланылған өнімнің көлемі көрсетіледі, мысалы: тұқымға, мал мен құс азығына; сүтті төлді суаруға қолдану; құс басын жаңғыртуға арналған жұмыртқа шығыны.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік мақсаттарға шығысы туралы деректерді есептеу кезінде осы дақылдардың егістік алқабы және жекелеген түрлерінің 1 гектарға орташа себу нормасы туралы статистикалық деректер қолданылады. Дәнді және бұршақ дақылдары үшін себу нормасы гектарына 1-2 центнер, картоп үшін гектарына шамамен 30-35 центнер, көкөніс және бақша дақылдары үшін гектарына шамамен 2-2,5 ц е н т н е р .

Ауыл шаруашылығы өнімдерін мал мен құстың азығына пайдалану кезінде жыл басына және соңына ауыл шаруашылығы малдарының басы туралы (төлді бөлумен ірі кара мал, жылқы, түйе, қой мен ешкі, шошқа және құс) ресми статистикалық деректер қолданылады, олардың негізінде орташа жылдық мал басы есептеледі. Осы Әдістемеге 5-қосымшада келтірілген мал мен құсты шартты мал басына ауыстыру коэффициенттерін пайдалану арқылы мал мен құстың жекелеген түрлерінің орташа

жылдық басы шартты мал басына қайта есептеледі. Содан кейін ауыл шаруашылығы өнімдерін бір шартты басқа мал азығына тұтынудың зоотехникалық нормаларын қолданумен өндірістік тұтыну анықталады. Шартты бір мал басына есептегенде мал азығына шығындаудың жылдық нормасы дәнді және бұршақ дақылдары үшін – 320-400 кг, астықты қайта өңдеу өнімдері үшін – 40-42 кг, картоп үшін – 100-115 кг, көкөніс және бұршақ дақылдары үшін 25-30 кг қабылданады. Астық теңгерімінің барлық баптарын қайта есептегеннен кейін бөлінбеген көлем пайда болған кезде осы бап теңгерімдеуші ретінде қолданысқа енеді және бір жағынан қолда бар ресурстармен және екінші жағынан қолданылатын баптар арасындағы айырмашылық ретінде е с е п т е л е д і .

Сүт және сүт өнімдері теңгерімінде «Өндірістік тұтыну» бабын қалыптастыру кезінде жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері және төлді сүтпен суаруға жұмсалған шығын туралы есептік деректер қолданылады.

Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері теңгерімінде инкубацияға жұмсалған жұмыртқа және мал азығына жұмсалған шығыны соңғы жылдардағы осындай жұмыртқалардың жалпы ресурстағы үлесі туралы серпіні бойынша есептеледі. Сонымен қатар бар болған жағдайда деректердің басқа да дереккөздері пайдаланылады.

Күнбағыстың тұқымдары, қант қызылшасы, балық және балық өнімдерінің теңгерімдерінде өндірістік тұтыну соңғы жылдардағы жалпы ресурстағы үлесі туралы серпіні бойынша есептеледі. Сонымен қатар бар болған жағдайда деректердің басқа да дереккөздері п а й д а л а н ы л а д ы .

13. «Азық-түлік мақсатына қайта өңдеу» бабы астық, күнбағыс және қант қызылшасы үшін есептеледі. Бапты қалыптастыру үшін жоғарыда көрсетілген шикізаты бар өнімдерді өндіру туралы өнеркәсіп статистикасының деректері және осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасында қолданылатын негізгі азық-түлік өнімдерін бастапқы өнімге ауыстыру коэффициенттері қолданылады. Астық теңгерімі үшін ұн, жарма және күріш өндірісі бойынша деректер қолданылады. Күнбағыстың тұқымдары теңгерімі үшін күнбағыс майы өндірісі бойынша деректер қолданылады. Қант қызылшасы теңгерімінде осы бап теңгерімдеуші болып табылады және бір жағынан қолда бар ресурстармен және екінші жағынан өндірістік тұтыну, шығын және экспорттың арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі. Күнбағыстың тұқымдары теңгерімінде бөлінбеген көлемдер пайда болған жағдайда осы бап сондай-ақ теңгерімдеуші ретінде қолданысқа енеді.

14. «Өзге де өнеркәсіптік пайдалану» бабында ауыл шаруашылығы өнімдерінің азық-түліктік емес өндірістік өнімдерге өндіріс шығысы бойынша деректер көрсетіледі, мысалы: уыт, спирт, сыра, биоэтанол, шарап, жануарларға арналған азықтар, медициналық препараттар. Осы бапта сондай-ақ ғылыми-зерттеу және басқа мақсаттарға қолдану ескеріледі. Бапты қалыптастыру кезінде сәйкес шикізаты бар өнімдерді өндіру туралы өнеркәсіп статистикасының деректері және осы Әдістемеге 4-

қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасында қолданылатын негізгі азық-түлік өнімдерін бастапқы өнімге ауыстыру коэффициенттері қолданылады. Бап бойынша деректер болмаған кезде жалпы ресурстарда өзге өнеркәсіптік қолданудың үлесі туралы қалыптасқан соңғы жылдар серпіні бойынша бағаланады.

15. «Шығындар» бабы бойынша өндірістен сатуға дейінгі барлық кезеңдердегі тасымалдау және сақтау кезінде өнімнің шығыны көрсетіледі. Бұл ретте, осы бапқа өндірістік үдерістің әртүрлі кезеңдерінде пайда болатын және өндіріс үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын шығындар қосылмайды, мысалы: шаруашылықта астықты бастыру, желпу және кептіру, оны егіннің, ұнтақтағыш, кептіргіш, амбар немесе қойма арасында тасымалдау «Шығындар» бабына қосылмайды. Осы бап бойынша көлемдер, әдетте, ресурстардағы шығынның үлес салмағының көп жылдан бері қалыптасқан серпіні бойынша бағаланады. Бұл бапты теңгерімдеуші ретінде пайдалануға рұқсат етіледі.

16. «Экспорт» бабында елге шет елдерден әкелінген, осы Әдістемеге 3-қосымшада келтірілген тиісті өнімдер түрлерінің теңгерімінде «Импорт» және «Экспорт» баптарын есептеу үшін жеке өнім түрлерінің тізіміне сәйкес барлық өнімдер түрлері есепке алынады.

Экспорттық өнімдер шикізат немесе шикізатқа қайта есептелген қайта өңдеу өнімдері түріндегі өнімдердің барлық түрлері ескеріледі. Қайта өңдеу өнімдерін бастапқы өнімге қайта есептеу осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасында қолданылатын негізгі азық-түлік өнімдерін бастапқы өнімге ауыстыру коэффициенттерін қолдану арқылы жүргізіледі. Бапты қалыптастыру кезінде әкімшілік деректер, жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері қолданылады.

Осы бапты есептеу кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен өнімді әкелу туралы ақпарат қосымша қалыптастырылады.

17. «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабында халықтың негізгі азық-түлік өнімдерін тұтынуының ықтимал көлемі көрсетіледі, шаруашылықтағы жеке өндіріс, бөлшек сауда желілерінде және қоғамдық тамақтану ұйымдарында, базарларда сатып алынған, сондай-ақ санаторлы-курорттық және сауықтыру ұйымдарында, сауықтыру лагерьлерінде және басқа әлеуметтік бағыттағы ұйымдарда тұтынған өнімдерін қоса.

Бапта деректер бастапқы өнім бойынша, олардың қайта өңдеу өнімдері бойынша да көрсетіледі.

Астық ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы дәнді және дәнді-бұршақ дақылдарын қамтиды. Тек қана жұртшылық шаруашылықтарында шикізат түрінде тұтынылған астық қосылады және қайта өңдеу түрінде (ұн, жарма, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер) тұтынылған астық қосылмайды.

Астықты қайта өңдеу өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы ұнға қайта есептелген келесі өнім түрлерін құрайды:

ұн (бидай, бидай-қара бидай, жүгері және басқа да ұн), жарма (бидай, қарақұмық, арпа, сұлы, ұнтақ, жүгері, күріш және басқа да жармалар); нан және нан-тоқаш өнімдері (бидай, қара бидай және өзге де нан, білезік нан өнімдері, майқоспа нан-тоқаш өнімдері, кепкен нан, қытырлақ нан, бәліштер және басқалар);

ұннан жасалған кондитер өнімдері;
макарон өнімдері;

тамақ қойыртпасы (дәнді негіздегі балалар тағамдарына арналған кепкен өнімдер, кекстерге арналған ұннан жасалған қоспа, ұнға аунатылған кепкен нан және өзгелері).

Астық ресурстары мен пайдалану теңгерімі және қайта өңделген астық өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы бойынша алынған деректерді қосу арқылы «Нан және нан өнімдерін мүмкін болатын жеке тұтыну» көрсеткіші қалыптастырылады.

Картоп және оны қайта өңдеу өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:
жас картоп;

жас картопқа қайта есептелген жартылай фабрикаттар (картоптан жасалған крекерлер, картоп үлпегі, картоп жармасы (құрғақ езбе), тілімдердегі және ши нанды қытырлақ картоп, картоптан жасалған тез мұздатылған өнімдер, картоп крахмалы).

Көкөністер, бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:

жас көкөніс және бақша дақылдары;
көкөніс консервілері, шырындар, қызанақ өнімдері, шикізатқа қайта есептелген құрғақ және тез мұздатылған көкөністер;

жас көкөністер мен бақша дақылдарына қайта есептелген ашытылған, маринадталған және тұздатылған көкөністер және бақша дақылдары.

Жемістер, жүзім және оларды қайта өңдеу өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:

жаңа жиналған шекілдеуікті, дәнекті, жаңғақ тұқымы, субтропикалық дақылдар, жидектер, цитрустылар және жүзім;

жаңа жиналған түріне қайта есептелген қайта өңдеу өнімдері (жеміс консервілері, тосап, джем, құрғақ жеміс-жидектер, тез мұздатылған жемістер мен жидектер).

Ет және ет өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:

әртүрлі мал түрінің еттері (сиыр еті, шошқа еті, қой еті, ешкі еті, қоян еті, бұғы еті, жылқы еті, түйе еті, құс еті және еттің басқа түрлері);
етке қайта есептелген шұжық өнімдері, ет және етті-өсімдікті консервілер, котлеттер, тұшпаралар, мұздатылған ет тағамдары және басқалар;
бірінші санатты қосымша өнімдер (бауыр, ми, жүрек, ірі және ұсақ малдың ет-сүйек к ұ й р ы қ т а р ы) ;

екінші санатты қосымша өнімдер (беріш, асқазан, өкпе, бас, көкбауыр, желін және т . б .)
н а қ т ы с а л м а қ т а ;
шикі майға қайта есептелген малдың азықтық майы.

Сүт және сүт өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:
н а қ т ы с а л м а қ т а ғ ы с ү т т і ң б а р л ы қ т ү р і ;
сүтке қайта есептелген сүт өнімдері (малдың сары майы), сүзбе ірімшікті қоса майлы ірімшік, ерітілген ірімшік, сүт консервілері, құрғақ сүт өнімдері, қоспасыз сүт ө н і м д е р і ж ә н е өзгелер .

Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:
ү й қ ұ с ы ж ұ м ы р т қ а с ы н ы ң б а р л ы қ т ү р і ;
жұмыртқаға қайта есептелген жұмыртқа ұнтағы және уыздық.

Қант ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:
қ а н т ;

қантқа қайта есептелген тамақ қойыртпасы (құрғақ киселдер, мусстар, желе, пудингтер, ұннан жасалған өнімдердің жартылай фабрикаттары, құрғақ балалар ө н і м д е р і) ;

қантқа қайта есептелген, құрамында қанты бар кондитерлік өнімдер;
қантқа қайта есептелген алкогольсіз сусындар (құрамында 10%-дан көп қант қосылған газдалған алкогольсіз сусындар, квас, шәрбат);
қантқа қайта есептелген тосаптар, джемдер, жеміс-жидек консервілері және басқа ө н і м д е р .

Өсімдік майы және құрамында майы бар өнімдер ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін қ ұ р а й д ы :

ө с і м д і к м а й ы ;
майға қайта есептелген маргарин, маргарин өнімі.

Балық және балық өнімдері ресурстары мен пайдалану теңгерімінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы келесі өнім түрлерін құрайды:
тірі балық, жаңа ауланға немесе салқындатылған, мұздатылған;
балықтың жон еті және өзге де балық еті (тартылған етті қоса);

балыққа қайта есептелген жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұзды немесе тұздық судағы тірі шаянтәрізділер;

балыққа қайта есептелген жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұзды немесе тұздық судағы тірі су омыртқасыздары;

балыққа қайта есептелген жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұзды немесе тұздық судағы шаянтәрізділер және су омыртқасыздардан бөлек тірі былқылдақ денелілер;

балыққа қайта есептелген дайын немесе консервіленген балық;

балыққа қайта есептелген балықтың уылдырықшаларынан жасалған бекіре балықтардың уылдырығы және оны алмастырушылар;

балыққа қайта есептелген дайын немесе консервіленген шаянтәрізділер, су омыртқасыздары және өзге де былқылдақ денелілер.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің көптеген түрлері теңгерімдерінде «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы теңгерімді болып саналады. Ол теңгерімнің барлық ресурстық баптарының және барлық шығыс баптарының арасындағы айырымы болып есептеледі және халықтың жан басына шаққандағы азық-түлік өнімдерін тұтынуды бағалау үшін қолданылады.

18. Теңгерімнің ресурстық бөлігіндегі баптар қосындысы оның бөлініс бөлігіндегі баптар қосындысына тең болады. Теңгерімді бірқалыпқа келтіру мүмкіндігі болмаған кезде, ерекше жағдайларда статистикалық ауытқуды көрсету рұқсат етіледі.

19. Қалыптастырылған теңгерімдер негізінде жан басына шаққандағы негізгі азық-түлік өнімдерінің мүмкін болатын тұтыну көрсеткіші анықталады, ол есепті жылы «Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы» бабы бойынша дәл сол жылғы орташа жылдық халық санына қатынасы ретінде есептеледі.

Мүмкін болатын халықтың жан басына шаққандағы тұтынуының қалыптастырылған көрсеткішінің сапасын бағалау үшін үй шаруашылықтарын зерттеу статистикасының деректері бойынша тиісті азық-түлік тауарларын халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы туралы деректермен салыстырмалы талдау жүргізіледі.

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н е г і з г і
ө н і м д е р і н і ң р е с у р с т а р ы м е н
п а й д а л а н у т е ң г е р і м д е р і н
қ ұ р а с т ы р у б о й ы н ш а ә д і с т е м е г е

1-қосымша

Теңгерім баптарының тізбесі

I. Ресурстар:

Ж ы л б а с ы н а қ о р л а р
Ө н д і р і с

Импорт
II. Пайдалану:

Ө н д і р і с т і к т ұ т ы н у
с о ы ң і ш і н д е :
м а л м е н қ ұ с т ы ң м а л а з ы ғ ы н а
е г і с т і к м а қ с а т т а р ғ а
и н к у б а ц и я ғ а (ж ұ м ы р т қ а)
А з ы қ - т ү л і к м а қ с а т т а р ы н а қ а ы т а ө ң д е у
Ө з г е д е ө н е р к ә с і п т і к п а ы д а л а н у
Ш ы ғ ы н д а р
Э к с п о р т
Х а л ы қ т ы ң м ү м к і н б о л а т ы н ж е к е т ұ т ы н у ы

Жыл соңына қорлар

А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы н е г і з г і
ө н і м д е р і н і ң р е с у р с т а р ы м е н
п а ы д а л а н у т е ң г е р і м д е р і н
қ ұ р а с т ы р у б о ы ы н ш а ә д і с т е м е г е
2-қосымша

Ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерінің ресурстары мен пайдалану теңгерімдерін есептеу тәртібі

Баптар атауы	Жол нөмірі	Деректер есептеу тәртібі	көздерін
Астық, мың тонна			
I. Ресурстар:			
Жыл басына қорлар	01	өткен жылғы теңгерімнен «Қорлар, жыл соңына» бабынан көшіріледі.	
Өндіріс	02	ауыл шаруашылығы статистикасының деректері бойынша (тазаланғаннан кейінгі салмақта)	
Импорт	03	кедендік статистика және өзара сауда статистикасының деректері бойынша	
Ресурстар, барлығы	04	= 01 жол + 02 жол + 03 жол	
II. Пайдалану:			
Өндірістік соның ішінде:	тұтыну 05	= 06 жол + 07 жол	
мал мен құстың жем шөбіне	06	мал мен құстың 1 шартты басына шаққандағы шығын нормасы бойынша сарапшылық бағалау	
егістік мақсатына	07	егін алқабының 1 гектарына шаққандағы тұқым шығыны нормасы бойынша сарапшылық бағалау	

Азық-түліктік мақсаттарда қайта өңдеу	08	өнеркәсіп статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша астыққа қайта есептеледі
Өзге де өнеркәсіптік пайдалану	09	өнеркәсіп статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша астыққа қайта есептеледі
Шығындар	10	өткен жылдардың серпіні бойынша ресурстардың бөлігі бойынша сарапшылық бағалау
Экспорт	11	кедендік статистика және өзара сауда статистикасы деректері бойынша
Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы	12	т е н г е р і м б а б ы = 04 жол – 05 жол – 08 жол – 09 жол – 10 жол – 11 жол – 14 жол
халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы, кг/жыл	13	12-жолдағы деректердің халықтың орташа жылдық санына қатынасы, кг-ға ауыстырумен
Жыл соңына қорлар	14	ауыл шаруашылығы статистикасының деректері бойынша
Қайта өңделген астық өнімдері, мың тонна		
I. Ресурстар:		
Жыл басына қорлар	01	өткен жылғы теңгерімнен «Қорлар, жыл соңына» бабынан көшіріледі.
Өндіріс	02	өнеркәсіп статистикасы деректері бойынша
Импорт	03	кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша ұнға қайта есептеледі
Ресурстар, барлығы	04	= 01 жол + 02 жол + 03 жол
II. Пайдалану:		
Өндірістік тұтыну соның ішінде:	05	= 06 жол
мал мен құстың жем шөбіне	06	мал мен құстың 1 шартты басына шаққандағы шығын нормасы бойынша сарапшылық бағалау
Шығындар	07	өткен жылдардың серпіні бойынша ресурстардың бөлігі бойынша сарапшылық бағалау
Экспорт	08	кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша ұнға қайта есептеледі
Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы	09	т е н г е р і м б а б ы = 04 жол – 05 жол – 07 жол – 08 жол – 11 жол
халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы, кг/жыл	10	09-жолдағы деректердің халықтың орташа жылдық санына қатынасы, кг-ға ауыстырумен
Жыл соңына қорлар	11	ауылшаруашылық статистикасы, өнеркәсіп статистикасы, кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша; қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша ұнға қайта есептеледі; сарапшылық бағалау
Картоп және оны қайта өңдеу өнімдері, мың тонна		
I. Ресурстар:		
Жыл басына қорлар	01	өткен жылғы теңгерімнен «Қорлар, жыл соңына» бабынан көшіріледі.
Өндіріс	02	ауылшаруашылық статистикасы деректері бойынша

Импорт	03	кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша картопқа қайта есептеледі
Ресурстар, барлығы	04	= 01 жол + 02 жол + 03 жол
II. Пайдалану:		
Өндірістік тұтыну соның ішінде:	05	= 06 жол + 07 жол
мал мен құстың жем шөбіне	06	мал мен құстың 1 шартты басына шаққандағы шығын нормасы бойынша сарапшылық бағалау
егістік мақсатына	07	егін алқабының 1 гектарына шаққандағы тұқым шығыны нормасы бойынша сарапшылық бағалау
Шығындар	08	өткен жылдардың серпіні бойынша ресурстардың бөлігі бойынша сарапшылық бағалау
Экспорт	09	кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша картопқа қайта есептеледі
Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы	10	т е н г е р і м б а б ы = 04 жол – 05 жол – 08 жол – 09 жол – 12 жол
халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы, кг/жыл	11	10-жолдағы деректердің халықтың орташа жылдық санына қатынасы, кг-ға ауыстырумен
Жыл соңына қорлар	12	ауылшаруашылық статистикасы, өнеркәсіп, сауда статистикасының деректері бойынша; қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша картопқа қайта есептеледі; сарапшылық бағалау
Көкөністер, бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдері, мың тонна		
I. Ресурстар:		
Жыл басына қорлар	01	өткен жылғы теңгерімнен «Қорлар, жыл соңына» бабынан көшіріледі.
Өндіріс	02	ауылшаруашылық статистикасы деректері бойынша
Импорт	03	кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша көкөністер мен бақша дақылдарына қайта есептеледі
Ресурстар, барлығы	04	= 01 жол + 02 жол + 03 жол
II. Пайдалану:		
Өндірістік тұтыну соның ішінде:	05	= 06 жол + 07 жол
мал мен құстың жем шөбіне	06	мал мен құстың 1 шартты басына шаққандағы шығын нормасы бойынша сарапшылық бағалау
егістік мақсатына	07	егін алқабының 1 гектарына шаққандағы тұқым шығыны нормасы бойынша сарапшылық бағалау
Шығындар	08	өткен жылдардың серпіні бойынша ресурстардың бөлігі бойынша сарапшылық бағалау
Экспорт	09	кедендік статистика мен өзара сауда статистикасының деректері бойынша, қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша көкөністер мен бақша дақылдарына қайта есептеледі
Халықтың мүмкін болатын жеке тұтынуы	10	т е н г е р і м б а б ы = 04 жол – 05 жол – 08 жол – 09 жол – 12 жол

халықтың жан басына шаққандағы тұтынуы, кг/жыл	11	10-жолдағы деректердің халықтың орташа жылдық санына қатынасы, кг-ға ауыстырумен
Жыл соңына қорлар	12	ауылшаруашылық статистикасы, өнеркәсіп, сауда статистикасының деректері бойынша; қайта өңделген өнімдер тиісті коэффициент бойынша көкөністер мен бақша дақылдарына қайта есептеледі; сарапшылық бағалау
Жемістер, жүзім және оларды қайта өңдеу өнімдері, мың тонна		
I. Ресурстар:		
Жыл басына қорлар	01	өткен жылғы теңгерімнен «Қорлар, жыл соңына» бабынан көшіріледі.
Өндіріс	02	ауылшаруашылық статистикасы деректері бойынша
